

**Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру және мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдар тізбесін айқындау туралы**

**Күшін жойған**

Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 1 сәуірдегі № А-4/138 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 сәуірде № 4121 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 1 шілдедегі № а-7/249 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 01.07.2015 № а-7/249 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 18, 238 баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, «Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін келісу туралы» Степногорск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы № 5С-26/9 шешімі негізінде Степногорск қаласының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру және мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдар тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы» Степногорск қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 09 сәуірдегі № а-4/142 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-2-163 болып тіркелген, «Степногорск ақшамы», «Вечерний Степногорск» газеттерінде 2012 жылғы 10 мамырда жарияланған);

2) «Степногорск қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 9 сәуірдегі № а-4/142 «Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Степногорск қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 11 қазандағы № а-10/405 қаулысы

(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3874 болып тіркелген, «Степногорск ақшамы», «Вечерний Степногорск» газеттерінде 2013 жылғы 14 қарашада жарияланған).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Степногорск қаласы әкімінің орынбасары Э.Р.Салықоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Степногорск қаласының әкімі М.Тақамбаев

КЕЛІСІЛГЕН

«Степногорск қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы И.Ковцур

«Степногорск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Т.Семенюк

Степногорск қаласы әкімдігінің  
2014 жылғы 1 апреля № а-4/138  
қаулысына қосымша

### **Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру және мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдар тізбесі**

1. Білім беру саласындағы мамандарының лауазымдары:
  - 1) мемлекеттік мекемесінің басшысы;
  - 2) мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары;
  - 3) барлық мамандықтағы мұғалімдер;
  - 4) психолог;
  - 5) тәрбиеші;
  - 6) медициналық бике;
  - 7) жетекші;
  - 8) әдістемеші;
  - 9) үйірме жетекшісі;
  - 10) кітапханашы;

11) музыкалық жетекші.

2. Мәдениет саласындағы мамандарының лауазымдары:

- 1) клуб меңгерушісі;

2) кітапханашы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК